«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің
2025 жылғы «03» 03
№ 18-ОД бұйрығына
№ 1 қосымша

Приложение № 1 к
приказу ТОО «МФО «R-Finance»
от «03» 03 2025 г.
№ 18-ОД

| Микрокредит беру туралы шарт (стандартты талаптар, қосылу шарты) | Договор о предоставлении микрокредита (стандартные условия, договор присоединения) |
|---|---|
| www.r-finance.kz сайтында қазақ және орыс тілдерінде жарияланған.<br>«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің (бұдан әрі – МҚҰ) осы Микрокредит беру туралы шарты (стандартты талаптар, қосылу шарты) (бұдан әрі – Қосылу шарты) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен Қосылу шартына қосылу туралы өтініш (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) негізінде микрокредиттер беру мақсатында әзірленді. | Опубликован на казахском и русском языках на сайте www.r-finance.kz.<br>Настоящий Договор о предоставлении микрокредита (стандартные условия, договор присоединения) (далее – Договор присоединения) ТОО «МФО «R-Finance» (далее – МФО), разработан с целью выдачи микрокредитов на основании Заявления о присоединении к Договору присоединения (далее – Заявление о присоединении) в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан. |
| **Негізгі ұғымдар:** | **Основные понятия:** |
| **«Қосылу туралы өтініш»** - МҚҰ-ның Қарыз алушыға www.r-finance.kz МҚҰ сайтында орналастырылған Қосылу шартында көзделген талаптармен микрокредит беруіне негіз болатын өтініш; | **«Заявление о присоединении»** - заявление, на основании которого МФО предоставляет Заемщику микрокредит на условиях, предусмотренных Договором присоединения, размещенного на сайте МФО www.r-finance.kz; |
| **«Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім»** - Қарыз алушының өзіне Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылатын шартта (шарттарда) микрокредит сомасы мен алу уақытын, бірақ микрокредиттер беру қағидаларында және Кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде белгіленген сома және уақыт шегінде айқындауына мүмкіндік беретін талаптармен жасалған микрокредит беру туралы шарт; | **«Соглашение о предоставлении (открытии) кредитной линии»** - договор о предоставлении микрокредита, заключенный на условиях, позволяющих заемщику самому определять в договоре (договорах), являющемся (являющихся) неотъемлемой (неотъемлемыми) частью (частями) соглашения о предоставлении (открытии) кредитной линии, сумму и срок получения микрокредита, но в пределах суммы и срока, определенных правилами предоставления микрокредитов и соглашением о предоставлении (открытии) кредитной линии; |
| **«Қарыз алушы»** - Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Қосылу шартына микрокредит алу мақсатында қосылған жеке, заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер; | **«Заемщик»** - физическое, юридическое лицо или индивидуальный предприниматель, присоединившееся к Договору присоединения с целью |

| | |
|---|---|
| | получения микрокредита, путем подписания Заявления о присоединении; |
| **«Қосалқы қарыз алушы»** - микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауға ортақ жауапты ретінде Қосылу шартына қосылу туралы өтінішке қол қойған жеке және/немесе заңды тұлға, және/немесе жеке кәсіпкер; | **«Созаемщик»** - физическое и/или юридическое лицо, и/или индивидуальный предприниматель, подписавшее Заявление о присоединении к Договору присоединения в качестве солидарно ответственного за выполнения обязательств по микрокредиту; |
| **«Микрокредит» -** МҚҰ Қарыз алушыға Шартта көзделген мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз етушілік талаптарымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беретін ақша; | **«Микрокредит»** - деньги, предоставляемые МФО, Заемщику в национальной валюте Республики Казахстан в размере и порядке, предусмотренным договором, на условиях платности, срочности, возвратности и обеспеченности; |
| **«Сыйақы»** - МҚҰ-ға тиесілі ақшаның жылдық мөлшерінің есебінен Микрокредит сомасына қатысты пайыздық көрсеткіш бойынша айқындалған, ұсынылған Микрокредит үшін ақы; | **«Вознаграждение»** - плата за предоставленный Микрокредит, определенная в процентном выражении к сумме Микрокредита из расчета годового размера причитающихся МФО денег; |
| **«Сыйақы мәні»** - шекті мөлшері «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес белгіленетін микрокредит үшін ақы; | **«Значение вознаграждения»** - плата за микрокредит, предельный размер которого устанавливается согласно подпункту 1) пункта 3-1 статьи 4 Закона Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности»; |
| **«Микрокредит бойынша артық төлем сомасы»** - Микрокредит нысанасын қоспағанда, сыйақы сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдерінің сомасы; | **«Сумма переплаты по Микрокредиту» -** сумма всех платежей Заемщика по договору, включая сумму вознаграждения, неустойки (штрафа, пени), за исключением предмета Микрокредита; |
| **«Кепіл заты»** - Кепіл берушіге меншік құқығымен тиесілі және Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Кепіл беруші МҚҰ-ға берген автокөлік және/немесе жылжымайтын мүлік. | **«Предмет залога»** - автотранспорт и/или недвижимое имущество, принадлежащее на праве собственности Залогодателю и переданное Залогодателем МФО в обеспечение исполнения обязательства Заемщика перед МФО; |
| **«Кепіл беруші»** - мүлкін МҚҰ-ға Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету есебіне берген тұлға. | **«Залогодатель»** - лицо, чье имущество передано МФО в счет обеспечения исполнения обязательства Заемщика перед МФО; |
| **«Кепілгер»** - егер кепілдік шартында өзгеше белгіленбесе, Қарыз алушының және/немесе Қосалқы қарыз алушының міндеттемені орындамауынан немесе тиісінше орындамауынан туындаған тұрақсыздық айыбын, сыйақыны (мүддені), борышты өндіріп алу жөніндегі сот шығындарын және МҚҰ-ның басқа да залалдарын төлеуді қоса алғанда, Қарыз | **«Гарант» -** лицо, которое отвечает перед МФО в том же объеме, как и Заемщик и/или Созаемщик, включая уплату неустойки, вознаграждения (интереса), судебные издержки по взысканию долга и другие убытки МФО, вызванные неисполнением или ненадлежащим исполнением обязательства Заемщиком и/или |

| | |
|---|---|
| алушы және/немесе Қосалқы қарыз алушы сияқты көлемде МҚҰ алдында жауапты болатын тұлға. | Созаемщиком, если иное не установлено договором гарантии; |
| **«Кепілдік шарты»** - жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке кәсіпкердің кепілдік міндеттемесі, оған сәйкес кепілгер алынған микрокредит шеңберінде Қарыз алушының/Қосалқы қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерін толық орындағанға дейін олармен толық немесе ішінара ынтымақтаса отырып міндеттемені орындауы үшін МҚҰ алдында жауап беруге міндеттенеді. | **«Договор гарантии»** - гарантийное обязательство физического и (или) индивиудального предпринимателя, юридического лица в силу которого, гарант обязывается перед МФО отвечать за исполнение обязательства Заемщиком/Созаемщиком полностью или частично солидарно с ними в рамках полученного микрокредита в плоть до его полного исполнения перед МФО. |
| Осы Қосылу шартын қолдана отырып микрокредит беру МҚҰ мен Қарыз алушы/Қосалқы қарыз алушы (бұдан әрі – Қарыз алушы) арасында Қосылу шартына қосылу туралы өтінішке немесе осы Қосылу шартына сілтемесі бар Кредиттік желі беру туралы келісімге қол қою арқылы жүзеге асырылады.<br><br>Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталып, бірлесіп бір тараптың мүддесін білдіреді, бұл ретте Қарыз алушының Қосылу туралы өтініш немесе Кредиттік желі беру туралы келісім бойынша барлық құқықтары мен міндеттері Қосылу шарты бойынша Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушыға тең дәрежеде қатысты, Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы Қосылу шартының талаптарын орындайды және Қосылу шарты мен Қосылу туралы өтініш немесе Кредиттік желі беру туралы келісім бойынша толық ортақ міндеттерді атқарады. | Предоставление микрокредита с применением настоящего Договора присоединения предоставляется путем подписания между МФО и Заемщиком/Созаемщиком (далее – Заемщик) Заявления о присоединении к Договору присоединения или Соглашения о предоставлении кредитной линии содержащих отсылку к настоящему Договору присоединения.<br><br>Заемщик и Созаемщик совместно представляют одну сторону, далее именуемую «Заемщик», при этом, все права и обязанности Заемщика по Заявлению о присоединении или Соглашению о предоставлении кредитной линии относятся и Договору присоединения к Заемщику и Созаемщику в равной степени, Заемщик и Созаемщик выполняют условия Договора присоединения и несут обязанности по Договору присоединения и Заявлению о присоединении или Соглашению о предоставлении кредитной линии полностью солидарно. |
| **1. Шарттың жалпы талаптары** | **1. Общие условия Договора** |
| 1.1. МҚҰ Қарыз алушыға Осы қосылу шартында және Қосылу туралы өтініште немесе Кредиттік желі беру туралы келісімде белгіленген тәртіппен Микрокредит береді.<br><br>Осы Қосылу шарты мен Қосылу туралы өтініш немесе Кредиттік желі беру туралы келісім бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және бірыңғай құжатты құрайды. | 1.1. МФО предоставляет Заемщику Микрокредит в порядке, установленном настоящим Договором присоединения и Заявлением о присоединении или Соглашением о предоставлении кредитной линии.<br>Настоящий Договор присоединения и Заявление о присоединении или Соглашение о предоставлении кредитной линии являются неотъемлемыми частями друг друга и составляют единый документ. |

| | |
|---|---|
| Қосылу туралы өтініште немесе Кредиттік желі беру туралы келісімде және осы Қосылу шартында пайдаланылатын «Шарт», «Келісім» ұғымы Қосылу туралы өтініштің немесе Кредиттік желі беру туралы келісімнің мазмұнында да, осы Қосылу шартының мазмұнында да тең дәрежеде қолданылады.<br><br>Қосылу туралы өтініш және Кредиттік желі беру туралы келісім бұдан әрі бірлесіп «шарт» деп аталады. | Понятие «Договор», «Соглашение», применяемое в Заявлении о присоединении или Соглашении о предоставлении кредитной линии и настоящем Договоре присоединения, относится как к содержанию Заявления о присоединении или Соглашению о предоставлении кредитной линии, так и в равной степени к содержанию настоящего Договора присоединения.<br>Заявление о присоединении и Соглашение о предоставлении кредитной линии далее совместно именуются «договор». |
| **2. Микрокредит беру және өтеу тәртібі** | **2. Порядок предоставления и погашения Микрокредита** |
| 2.1. Микрокредит Қарыз алушыға Шартта айқындалған сомада және мерзімге беріледі. | 2.1. Микрокредит предоставляется Заемщику в сумме и на срок, определенный Договором. |
| 2.2. Микрокредит Қарыз алушыға Шартта айқындалған мақсаттарға, оның мерзімділігі, нысаналы пайдаланылуы, ақылылығы, қайтарымдылығы және қамтамасыз етілуі талаптарымен беріледі.<br>Оның нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін МҚҰ Қарыз алушыдан ақпарат алу жолымен жүзеге асырады. | 2.2. Микрокредит предоставляется Заемщику на цели, определенные договором, на условиях его срочности, целевого использования, платности, возвратности и обеспеченности.<br>Порядок осуществления контроля за его целевым использованием осуществляется МФО путем получения информации от Заемщика. |
| 2.3. Шартқа қоса берілетін өтеу кестесінде көрсетілген Микрокредит беру күні Микрокредиттің берілу күні болып табылады. | 2.3. Днем предоставления Микрокредита является дата выдачи Микрокредита, указанная в графике погашения, прилагаемом к Договору. |
| 2.4. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы МҚҰ-ға белгіленген немесе пайыздық мәнде сыйақы төлейді, бұл ретте жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылдық 46%-дан аспайды. | 2.4. За пользование микрокредитом Заемщик уплачивает МФО вознаграждение, фиксированное или в процентном выражении, при этом годовая эффективная ставка вознаграждения составляет не более – 46% годовых. |
| 2.5. Микрокредитті қайтаруды және Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз алушы Шартқа қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес қолма-қол ақшамен және/немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен бір уақытта немесе бөліктермен жүргізеді.<br>Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкелетін Микрокредит талаптары өзгерген жағдайда МҚҰ жаңа талаптар ескерілген, Микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және Қарыз алушыға береді. | 2.5. Возврат Микрокредита и оплата вознаграждения за использование Микрокредита производится Заемщиком согласно графику погашения, прилагаемому к Договору, наличным и/или безналичным способом, единовременно либо частями.<br>При изменениях условий Микрокредита, влекущих изменение суммы (размера) денежных обязательств Заемщика и (или) срока их уплаты, МФО составляется и выдается Заемщику новый график погашения Микрокредита с учетом новых условий. |

| | |
|---|---|
| 2.6. Микрокредитті пайдаланғаны үшін жылдық сыйақы мөлшерлемесі Микрокредитті нақты пайдалану мерзімі ішінде Микрокредит бойынша негізгі борыштың есебіне жатқызылады. | 2.6. Годовая ставка вознаграждения за пользование Микрокредитом начисляется на основной долг по Микрокредиту за время фактического срока пользования Микрокредитом. |
| 2.7. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі 360 (үш жүз алпыс) күнге тең күнтізбелік жыл, ал 30 (отыз) күнге тең ай негізінде есептеледі.<br>Сыйақы есептеу мерзімін есептеу Қарыз алушыға Микрокредит берілген күннен кейінгі күннен басталады. | 2.7. Годовая ставка вознаграждения рассчитывается на базе календарного года, равного 360 (триста шестидесяти) дням, а месяца - равного 30 (тридцати) дням.<br>Отсчет срока для начисления вознаграждения начинается со дня, следующего за днем выдачи Заемщику Микрокредита. |
| 2.8. Микрокредитті өтеу және сыйақы төлеу үшін Қарыз алушы Қосылу туралы өтініште көрсетілген өтеу әдісін таңдайды. | 2.8. Для погашения микрокредита и уплаты вознаграждения Заемщиком выбирается метод погашения, указанный в Заявлении о присоединении. |
| 2.9. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі:<br>- Қарыз алушы-жеке тұлға алынған микрокредитті және есептелген сыйақыны қайтару жөніндегі берешекті өтеген кезде МҚҰ ақшасы берешекті өтеуге мынадай кезектілікпен жіберіледі:<br><br>1) есептелген сыйақы;<br>2) негізгі борыш.<br>Жеке тұлғамен жасалған Шарт бойынша Қарыз алушының жүргізген төлем сомасы, егер бұл Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:<br><br>1) негізгі борыш бойынша берешек;<br>2) сыйақы бойынша берешек;<br>3) микрокредит беру туралы шартта айқындалған мөлшердегі тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы;<br>5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есепке жазылған сыйақы;<br><br>6) орындауды алу бойынша МҚҰ ұсталымдары;<br><br>- Қарыз алушы заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер алынған микрокредитті және есептелген сыйақыны қайтару жөніндегі берешекті өтеген кезде МҚҰ ақшасы | 2.9. Очередность погашения задолженности по микрокредиту:<br>- при погашении Заемщиком физическим лицом задолженности по возврату полученного микрокредита и начисленного вознаграждения, деньги МФО направляются на погашение задолженности в следующей очередности:<br>1) начисленное вознаграждение;<br>2) основной долг.<br>Сумма произведенного Заемщиком платежа по Договору, заключенному с физическим лицом в случае, если она недостаточна для исполнения обязательства Заемщика по Договору о предоставлении микрокредита, погашает задолженность Заемщика в следующей очередности:<br>1) задолженность по основному долгу;<br>2) задолженность по вознаграждению;<br>3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном договором о предоставлении микрокредита;<br>4) сумма основного долга за текущий период платежей;<br>5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br><br>6) издержки МФО по получению исполнения;<br><br>- при погашении Заемщиком юридическим лицом или индивидуальным предпринимателем задолженности по возврату полученного микрокредита и |

| | |
|---|---|
| берешекті өтеуге мынадай кезектілікпен жіберіледі:<br><br>- бірінші кезекте - Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын алуға байланысты МҚҰ ұсталымдары;<br>- екінші кезекте - айыппұл санкцияларының, оның ішінде Шарт бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) сомасы;<br>- үшінші кезекте - микрокредиттер бойынша мерзімі өткізіп алынған негізгі борышқа есептелген мерзімі өткізіп алынған сыйақы сомасы;<br>- төртінші кезекте - микрокредиттер бойынша негізгі борышқа есептелген мерзімі өткізіп алынған сыйақы сомасы;<br>- бесінші кезекте – микрокредиттер бойынша мерзімі өткізіп алынған негізгі борыш сомасы;<br>- алтыншы кезекте - микрокредиттер бойынша есептелген сыйақы сомасы;<br>- жетінші кезекте - Кредиттер бойынша негізгі борыш сомасы.<br><br>МҚҰ Қарыз алушы үшін Шарт бойынша Қарыз алушының берешегін/мерзімі өткізіп алынған берешегін оны жақсарту жағына қарай өтеудің өзге кезектілігін айқындауға құқылы. | начисленного вознаграждения, деньги МФО направляются на погашение задолженности в следующей очередности:<br>- в первую очередь - издержки МФО, связанные с получением исполнения обязательств Заемщика по Договору;<br>- во вторую очередь - сумма штрафных санкций, в т.ч. неустоек (штрафов, пени) по Договору;<br><br>- в третью очередь - сумма просроченного вознаграждения на просроченный основной долг по микрокредитам;<br><br>- в четвертую очередь - сумма просроченного вознаграждения на основной долг по микрокредитам;<br>- в пятую очередь – сумма просроченного основного долга по микрокредитам;<br><br>- в шестую очередь - сумма начисленного вознаграждения по микрокредитам;<br>- в седьмую очередь - сумма основного долга по Кредитам.<br><br>МФО вправе определять иную очередность погашения задолженности/просроченной задолженности Заемщика по Договору в сторону ее улучшения для Заемщика. |
| 2.10. Негізгі борыштың уақтылы өтелмегені және сыйақының төленбегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі және мөлшері:<br>- кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес микрокредиттер бойынша Қарыз алушы-жеке тұлғаның негізгі борышты уақтылы өтемегені және/немесе сыйақы төлемегені үшін МҚҰ Қарыз алушы-жеке тұлғадан 90 (тоқсан) күн ішінде мерзімі өткізіп алынған негізгі борыштың 0,5% мөлшерінде, бірақ Шарт қолданылатын әрбір жылға микрокредит сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл және/немесе мерзімі өткізіп алынған әрбір күн үшін сыйақы төлеуді талап етуге құқылы;<br>- кәсіпкерлік мақсаттарға берілген микрокредиттер бойынша Қарыз алушы-жеке тұлғаның негізгі борышты уақтылы өтемегені және/немесе сыйақы төлемегені үшін МҚҰ Қарыз алушы-жеке тұлғадан мерзімі өткізіп алынған негізгі борыштың | 2.10. Порядок начисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения:<br>- за несвоевременное погашение Заемщиком физическим лицом основного долга и/или уплату вознаграждения МФО вправе требовать от Заемщика физического лица уплаты пени в размере 0,5% от просроченного основного долга и/или вознаграждения за каждый день просрочки, в течении 90 (девяноста) дней , но не более 10% от суммы микрокредита за каждый год действия Договора, по микрокредитам не связанным с предпринимательской деятельностью;<br>- за несвоевременное погашение Заемщиком физическим лицом основного долга и/или уплату вознаграждения МФО вправе требовать от Заемщика физического лица уплаты пени в размере 0,5% от суммы просроченного платежа за каждый день |

| | |
|---|---|
| 0,5% мөлшерінде, бірақ шарт қолданылатын әрбір жылға микрокредит сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.<br>- Қарыз алушы-заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің негізгі борышты уақтылы өтемегені және/немесе сыйақы төлемегені үшін МҚҰ Қарыз алушы-заңды тұлғадан немесе жеке кәсіпкерден мерзімі өткізіп алынған әрбір күн үшін мерзімі өткізіп алынған негізгі борыштың және/немесе сыйақының 0,5% мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.<br><br>Қарыз алушы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Өтеу кестесіне сәйкес Қарыз бойынша өтеуді жүзеге асыруға міндетті болатын операциялық күн (Астана уақытымен 18 сағат 00 минут) жабылған кезде кезекті төлем болмаған жағдайда берешек мерзімі өткізіп алынған болып саналады. Астана уақытымен 18 сағат 00 минуттан кейін түскен төлемдер микрокредитті өтеу есебіне келесі жұмыс күні жатқызылады.<br>Есептелген өсімпұл сомасы мынадай тәртіппен бір теңгеге дейін дөңгелектенеді: егер есептелген өсімпұлдың қалдығы 50 (елу) тиыннан аз болса, онда нөлге дейін, ал егер есептелген өсімпұлдың қалдығы 50 (елу) тиыннан асып түссе, 1 (бір) теңгеге дейін.<br>Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес Микрокредит бойынша Қарыз алушы-жеке тұлғаға өсімпұл мен сыйақы МҚҰ-ның борышты өндіріп алу туралы сотқа талап арыз не атқарушылық жазба жасау туралы өтініш берген күніне дейін (қоса алғанда) есептеледі, бірақ негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімі өткізіп алынған күннен бастап қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен (қоса алғанда) аспауы тиіс.<br>Қарыз алушы – заңды тұлғаға/жеке кәсіпкерге өсімпұл мен сыйақы МҚҰ-ның сотқа/Төрелік сотқа борышты өндіріп алу туралы талап арыз не Шарттың осы тармағында көзделген тәртіппен атқарушылық жазба жасау туралы өтініш | просрочки, но не более 10% от суммы микрокредита за каждый год действия договора, по микрокредитам выданным на предпринимательские цели;<br>- за несвоевременное погашение Заемщиком юридическим лицом или индивидуальным предпринимателем основного долга и/или уплату вознаграждения МФО вправе требовать от Заемщика юридического лица или индивидуального предпринимателя, уплаты пени в размере 0,5% от просроченного основного долга и/или вознаграждения за каждый день просрочки.<br>Задолженность считается просроченной при отсутствии очередного платежа при закрытии операционного дня (18 часов 00 минут по времени Астаны), в течение которого Заемщик обязан осуществить погашение по Займу в соответствии с Графиком погашения, являющимся неотъемлемой частью Договора. Платежи, поступившие после 18 часов 00 минут по времени Астаны, зачисляются следующим рабочим днем на погашение микрокредита.<br>Сумма начисленной пени округляется до одной тенге в следующем порядке: если остаток начисленной пени меньше 50 (пятидесяти) тиын, то до нуля, если остаток начисленной пени больше 50 (пятидесяти) тиын - до 1 (одной) тенге.<br><br>Пеня и вознаграждение Заемщику – физическому лицу начисляются до даты подачи (включительно) МФО искового заявления в суд о взыскании долга либо заявления о совершении исполнительной надписи, но не более 90 (девяноста) последовательных календарных дней (включительно) со дня просрочки исполнения обязательства по погашению любого из платежей по суммам основного долга и (или) вознаграждения по Микрокредиту не связанному с предпринимательской деятельностью.<br>Пеня и вознаграждение Заемщику – юридическому лицу/индивидуальному предпринимателю начисляются до даты подачи (включительно) МФО искового заявления в суд/арбитраж о взыскании долга либо заявления о совершении исполнительной надписи в порядке, |

| | |
|---|---|
| берген (қоса алғанда) күніне дейін есептеледі. | предусмотренном настоящим пунктом Договора. |
| 2.11. Қарыз алушыға және/немесе Кепіл берушіге меншік құқығымен тиесілі автокөлік құралы және/немесе жылжымайтын мүлік Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. | 2.11. Обеспечением исполнения обязательств Заемщика по Договору является автотранспортное средство и/или недвижимое имущество, принадлежащее на праве собственности Заемщику и/или Залогодателю. |
| 2.12. Қарыз алушыға нысаналы Микрокредит берілген жағдайда, Микрокредиттің нысаналы пайдаланылуын тексеруді және мониторинг жүргізуді МҚҰ Қарыз алушыны тексеру, оның тұрғылықты жеріне және/немесе кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру орнына бару, сондай-ақ Қарыз алушының Микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдаланғанын растайтын кез келген құжаттық мәліметтерді тексеру арқылы жүзеге асырады. | 2.12. В случае выдачи Заемщику целевого Микрокредита, осуществление проверки и мониторинга целевого использования Микрокредита осуществляется МФО путем ревизий, посещений места жительства и/или осуществления предпринимательской деятельности Заемщика, а также проверок любых документальных сведений, подтверждающих использование Заемщиком Микрокредита по целевому назначению. |
| 2.13. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда МҚҰ қолданатын шаралар. МҚҰ Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауы үшін өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға қажетті және жеткілікті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық шараларды қолдануға құқылы.<br>Осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.<br><br>Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес Қарыз алушы-жеке тұлға Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, МҚҰ борышты сотқа дейінгі реттеудің мынадай шараларын қолданады:<br><br>1) байланыс құралдарын, оның ішінде WhatsApp мессенджерін, жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін SMS-хабарламаны және/немесе push-хабарламаны пайдалана отырып, Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өтіп кеткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей: | 2.13. Меры, принимаемые МФО при неисполнении либо ненадлежащем исполнении Заемщиком обязательств по Договору. МФО вправе предпринять все предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан меры, необходимые и достаточные для защиты его прав и интересов для надлежащего исполнения Заемщиком обязательств по договору.<br><br>В случае нарушения условий настоящего Договора, Стороны несут ответственность в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.<br>В случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения Заемщиком физическим лицом обязательств по договору, не связанного с осуществлением предпринимательской деятельности, МФО принимает следующие меры досудебного урегулирования задолженности:<br>1) направление с использованием средств связи в том числе мессенджера WhatsApp, SMS-уведомления и/или push-уведомления, обеспечивающих фиксирование доставки, не позднее 10 (десяти) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по договору уведомления, содержащего указания на: |

| | |
|---|---|
| - хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткізіп алынған берешектің, оның ішінде негізгі борыштың, сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі; | - необходимость внесения платежей по договору с указанием размера просроченной задолженности, в том числе основного долга, вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) на дату, указанную в уведомлении; |
| - Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өту басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде МҚҰ-ға Шартта көзделген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өту себептері, кірістері және оның Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш ұсына отырып жүгіну арқылы тараптардың келісімі бойынша берешекті реттеу мүмкіндігі; | - возможность урегулирования задолженности по соглашению сторон в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по договору путем обращения в МФО способом, предусмотренным договором, с заявлением, содержащим сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия договора; |
| - Микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары, оның ішінде міндеттемені орындау мерзімі өткізіп алынған немесе Қарыз алушымен берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде МҚҰ-ға жүгінбеген жағдайда «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің тіркелген мекенжайына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімі негізінде МҚҰ-ның негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алу құқығы көрсетілген хабарлама жіберу. | - последствия невыполнения своих обязательств по договору о предоставлении Микрокредита, в том числе право МФО взыскать задолженность, включая основной долг, вознаграждение и неустойку (штраф, пеню) на основании вступившего в законную силу решения суда, соответствующего адресу регистрации ТОО «МФО «R-Finance», в случае не обращения в МФО в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства или недостижения соглашения с Заемщиком по урегулированию задолженности. |
| Хабарлама борышкерге Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен: | Уведомление считается доставленным, если оно направлено должнику одним из следующих способов, предусмотренных договором: |
| - Қосылу туралы өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; | - на адрес электронной почты, указанный в Заявлении присоединения; |
| - Қосылу туралы өтініште көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса; | - по месту жительства, указанному в Заявлении присоединения, заказным письмом с уведомлением о его вручении, в том числе полученное одним из совершеннолетних членов семьи, проживающим по указанному адресу; |
| - жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана | - с использованием иных средств связи в том числе, обеспечивающих фиксирование доставки. |

| | |
|---|---|
| отырып жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі.<br>Хабарлама адресатқа, алушыға оны табыс ету мүмкін болмағаны туралы белгісімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмағанға байланысты қайтарылған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілді деп есептеледі;<br>2) Қарыз алушы–жеке тұлғаның Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өту бастаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде МҚҰ-ға Шартта көзделген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өту себептері, кірістері және оның Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш ұсына отырып жүгінуге құқылы;<br>3) МҚҰ Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарауға және жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуі, берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары, бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесі туралы хабарламаны қарауға міндетті;<br>4) Қарыз алушының берешек бойынша өтініш бермеуі оның міндеттемені орындамағаны үшін кінәсін мойындау болып табылады. | В случае возврата уведомления с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю, либо в связи с отказом в его принятии, а также не подтверждением его принятия при использовании иного средства связи, указанного в настоящем подпункте, уведомление считается направленным надлежащим образом;<br>2) Заемщик-физическое лицо вправе в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по договору обратиться в МФО способом, предусмотренным договором, с заявлением, содержащим сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия договора;<br>3) МФО обязана рассмотреть заявление в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после дня получения заявления Заемщика предложенных изменений в условия договора и сообщение в письменной форме либо способом, предусмотренным договором, о (об) согласии, своих предложениях по урегулированию задолженности или мотивированном отказе;<br>4) не предоставление Заемщиком заявления по задолженности является признанием его вины в неисполнении обязательства. |
| 2.13.1. Қарыз алушы-заңды тұлға/жеке кәсіпкер Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, МҚҰ берешекті сотқа дейінгі реттеудің мынадай шараларын қабылдайды:<br><br>1) байланыс құралдарын, оның ішінде WhatsApp мессенджерін, жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін SMS-хабарламаны және/немесе push-хабарламаны пайдалана отырып, Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өтіп кеткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей: | 2.13.1. В случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения Заемщиком юридическим лицом/индивидуальным предпринимателем обязательств по договору, МФО принимает следующие меры досудебного урегулирования задолженности:<br>1) направление с использованием средств связи в том числе мессенджера WhatsApp, SMS-уведомления и/или push-уведомления, обеспечивающих фиксирование доставки, не позднее 10 (десяти) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по договору уведомления, содержащего указания на: |

| | |
|---|---|
| - хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткізіп алынған берешектің, оның ішінде негізгі борыштың, сыйақының және тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі;<br>- Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамауының салдары, оның ішінде МҚҰ-ның негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, нотариустың атқарушы жазбасы/«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің тіркелген мекенжайына сәйкес келетін сот шешімі негізінде берешекті өндіріп алу құқығы көрсетілген хабарлама жіберу, бұл ретте Тараптардың дауларды шешу үшін жалпы юрисдикция сотына жүгінуі ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес дауларды шешу үшін МҚҰ-ның Төрелік сотқа жүгінуіне кедергі келтірмейді.<br>Хабарлама борышкерге Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:<br>- Қосылу туралы өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;<br>- заңды мекенжайы бойынша және/немесе заңды тұлғаның атқарушы органының орналасқан жері бойынша, Қосылу туралы өтініште көрсетілген, тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен;<br>- жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі;<br>Хабарлама адресатқа, алушыға оны табыс ету мүмкін болмағаны туралы белгісімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмағанға байланысты қайтарылған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілді деп есептеледі. | - необходимость внесения платежей по договору с указанием размера просроченной задолженности, в том числе основного долга, вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) на дату, указанную в уведомлении;<br>- последствия невыполнения обязательств по договору о предоставлении Микрокредита, в том числе право МФО взыскать задолженность, включая основной долг, вознаграждение и неустойку (штраф, пеню) на основании исполнительной надписи нотариуса/ решения суда, соответствующего адресу регистрации ТОО «МФО «R-Finance», при этом обращение Сторон за разрешением споров в суд общей юрисдикции не препятствует обращению МФО за разрешением споров в Арбитраж в соответствии с действующим законодательством РК.<br>Уведомление считается доставленным, если оно направлено должнику одним из следующих способов, предусмотренных Договором:<br>- на адрес электронной почты, указанный в Заявлении о присоединении;<br>- по юридическому адресу и/или по месту нахождения исполнительного органа юридического лица, указанному в Заявлении о присоединении, заказным письмом с уведомлением о его вручении;<br>- с использованием иных средств связи, обеспечивающих фиксирование доставки.<br>В случае возврата уведомления с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю, либо в связи с отказом в его принятии, а также не подтверждением его принятия при использовании иного средства связи, указанного в настоящем подпункте, уведомление считается направленным надлежащим образом. |
| 2.14. МҚҰ Шарт бойынша берешекті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге тәртіппен өндіріп алуға құқылы. | 2.14. МФО вправе взыскать задолженность по договору в ином порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. |
| 2.15. МҚҰ «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шектеулерді ескере | 2.15. МФО вправе уступать все или часть прав требований и обязанностей по Договору третьим лицам без согласия |

| | |
|---|---|
| отырып, Қарыз алушының келісімінсіз Шарт бойынша талап ету құқықтары мен міндеттерінің барлығын немесе бір бөлігін үшінші тұлғаларға беруге құқылы. | Заемщика с учетом ограничений, установленных Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности». |
| 2.16. Қарыз алушы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін МҚҰ-ның жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. | 2.16. Заемщик не имеет права передавать свои права и обязанности по Договору третьим лицам без письменного согласия МФО. |
| 2.17. Шарт бойынша Тараптың құқықтық мирасқоры Шартта жазылған талап ету құқығы мен міндеттемелерді, оның ішінде болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты талап ету құқығы мен міндеттемелерді тікелей өзіне қабылдайды. | 2.17. Правопреемник Стороны по договору непосредственно принимает на себя права требований и обязанности, изложенные в Договоре, в том числе, и права требований и обязанности, связанные с урегулированием возможных споров и разногласий. |
| 2.18. Қарыз алушы мерзімі өткізіп алынған берешек туындаған жағдайда МҚҰ «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Шарт бойынша берешекті өндіріп алу құқығын үшінші тұлғаларға беруге құқылы екенін растайды. | 2.18. Заемщик подтверждает, что в случае возникновения просроченной задолженности, МФО вправе передать право взыскания задолженности по договору третьим лицам, с учетом ограничений, установленных Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности». |
| 2.19. Қарыз алушы Қазақстан Республикасы заңнамасында кредитордың Шарт шеңберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын растайды. | 2.19. Заемщик подтверждает, что требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям кредитора с Заемщиком в рамках договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование). |
| 2.20. Қарыз алушы мерзімі өткізіп алынған берешекті өндіріп алу құқығын үшінші тұлғаларға беру МҚҰ тарапынан қандай да бір құпияны, ақпаратты ашу болып табылмайтындығына өз келісімін береді. | 2.20. Заемщик даёт согласие, что передача права взыскания просроченной задолженности третьим лицам не является раскрытием какой-либо тайны, информации со стороны МФО. |
| 2.21. Қарыз алушы Қосылу туралы өтінішке қол қойылған күні Қарыз алушының өзі де, оның үлестес тұлғалары да, Қарыз алушының атынан әрекет ететін қандай да бір басқа тұлға да есірткі саудасын, сыбайлас жемқорлықты, ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекетті, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруды және терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, заңсыз қызметпен айналыспайтынын және келешекте айналыспайтынын растайды, сондай-ақ оның бүкіл қолданылу мерзіміне оған кепілдік береді. | 2.21. Заемщик подтверждает на день подписания Заявления о присоединении, а также гарантирует на весь срок его действия, что ни сам Заемщик, ни его аффилиированные лица, ни какое-либо другое лицо, действующее от имени Заемщика, не занимаются и не будут заниматься незаконной деятельностью, включая, но, не ограничиваясь торговлю наркотиками, коррупцию, организованную преступную деятельность, легализацию доходов, полученных незаконным путём и финансирование терроризма. |

| | |
|---|---|
| 2.22. Қарыз алушының кәсіпкерлік мақсаттарға берілген микрокредитті:<br><br>1) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу;<br>2) Қарыз алушының жеке және/немесе заңды тұлғалардан, оның ішінде қатысушылардан, акционерлерден, лауазымды тұлғалардан және өз қызметкерлерінен қаржылық көмек алуына байланысты туындаған берешекті өтеу;<br>3) тұтынушылық несиелендіру;<br>4) тұтынушылық мақсаттарға алынған қолданыстағы банктік қарыздарды және/немесе микрокредиттерді қайта қаржыландыру;<br>5) құрылтайшыларға (оның ішінде қатысушыларға, акционерлерге) дивидендтер төлеу;<br>6) өзінің шаруашылық қызметінің залалдарын өтеу;<br>7) сенім білдірілген өкілдердің (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеу;<br>8) Қарыз алушының микрокредитіне байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе басқа төлемдерді төлеу;<br>9) микрокредит қаражатын салымдарға орналастыру;<br>10) үлестес және/немесе байланысты тұлғалардан негізгі құралдарды, активтерді сатып алу;<br>11) жалған немесе бүркеме мәмілелерге ақы төлеу.<br>Жалған немесе бүркеме фактісі сот шешімімен анықталады;<br>12) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 10.02.2010ж. № 52 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесінде және/немесе Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2020 жылғы №8 қаулысымен бекітілген Банктік және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметі және бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің өзге де лицензияланатын | 2.22. Заемщик не вправе, использовать предоставленный на предпринимательские цели микрокредит на:<br>1) участие в уставных капиталах юридических лиц;<br>2) погашение задолженности, возникшей в связи с получением Заемщиком финансовой помощи от физических и/или юридических лиц, в том числе участников, акционеров, должностных лиц и своих работников;<br>3) потребительское кредитование;<br>4) рефинансирование действующих банковских займов и/или микрокредитов, полученных на потребительские цели;<br><br>5) выплата дивидендов учредителям (в том числе участникам, акционерам);<br><br>6) покрытие убытков своей хозяйственной деятельности;<br>7) оплата услуг поверенным (агентам);<br><br>8) оплата комиссий, сборов и/или иных платежей, связанных с микрокредитом Заемщика;<br>9) размещения средств микрокредита во вклады;<br>10) приобретение основных средств, активов у аффилированных и/или связанных лиц;<br>11) оплата мнимых или притворных сделок.<br><br>Факт мнимости или притворности устанавливается по решению суда;<br>12) оплата любых договоров / контрактов / соглашений, в которых имеется информация о юридическом адресе и/или реквизитах банковского счета контрагентов, зарегистрированного / открытого в оффшорных зонах, предусмотренных в Перечне оффшорных зон для целей Закона Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма, утвержденном приказом исполняющего обязанности Министра финансов Республики Казахстан от 10.02.2010 года №52 и/или в Перечне оффшорных зон для целей банковской и страховой деятельности, деятельности |

| | |
|---|---|
| түрлері, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметі және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесінде көзделген оффшорлық аймақтарда тіркелген/ашылған контрагенттердің заңды мекенжайы және/немесе банктік шотының деректемелері туралы ақпарат қамтылған кез келген шарттарға/келісім-шарттарға/келісімдерге ақы төлеу үшін пайдалануға құқығы жоқ. | профессиональных участников рынка ценных бумаг и иных лицензируемых видов деятельности на рынке ценных бумаг, деятельности накопительных пенсионных фондов и акционерных инвестиционных фондов и деятельности организаций, осуществляющих микрофинансовую деятельность, утвержденном постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 24.02.2020 года №8; |
| 2.23. Қарыз алушы:<br>- Қосылу шарты шеңберінде жасалатын Шарттың және өзге де шарттардың талаптары оған түсінікті, жаңылыстар, оның ішінде мәмілелердің уәждерінде де жоқ екендігіне және жоғарыда көрсетілген шарттардың талаптары ол үшін пайдасыз болып табылмайтынына;<br>- Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды іс-әрекетке толық қабілетті жеке тұлға болып табылатындығына, іс-әрекетке қабілеттілігі шектеусіз екендігіне, өз іс-әрекеттерімен шарт бойынша құқықтарға ие болып, міндеттер атқара алатындығына;<br>- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті түрде тіркелген жеке кәсіпкер болып табылатынына кепілдік береді.<br><br>Бұл ретте жеке кәсіпкерлікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда тіркеусіз жүзеге асырған жағдайда - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мән-жайлар туындаған кезде Қарыз алушы дереу жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеуден өтеді және МҚҰ-ға жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаны тіркеу туралы талон ұсынады, шектеусіз әрекет қабілеттілігіне ие, өз іс-әрекеттерімен шарт бойынша құқықтарға ие бола алады және міндеттер атқара алады. Ол банкроттық, оңалту, қайта ұйымдастыру, тарату не нәтижесінде қызметі тоқтатылуы мүмкін өзге де процестер сатысында емес және құзыретті мемлекеттік органдарда, оның ішінде соттарда аталған процестерді қозғау | 2.23. Заемщик гарантирует, что:<br>- условия Договора и иных договоров, заключаемых в рамках Договора присоединения, ему понятны, заблуждений, в том числе и в мотивах сделок не имеется, и условия указанных выше договоров не являются для него кабальными;<br>- является полностью дееспособным физическим лицом, законно действующим по законодательству Республики Казахстан, обладает неограниченной дееспособностью, своими действиями может приобретать права и нести обязанности по договору;<br>- является индивидуальным предпринимателем, должным образом зарегистрированным в соответствии с законодательством Республики Казахстан. При этом в случае осуществления индивидуального предпринимательства без регистрации в установленных законодательством Республики Казахстан случаях - при наступлении предусмотренных в законодательстве Республики Казахстан обстоятельств Заемщик незамедлительно пройдет государственную регистрацию индивидуального предпринимателя и предоставит МФО талон о регистрации уведомления о начале деятельности в качестве индивидуального предпринимателя, обладает неограниченной дееспособностью, своими действиями может приобретать права и нести обязанности по договору. Он не находится в стадии банкротства, реабилитации, реорганизации, ликвидации либо иных процессов, в результате которых |

| | |
|---|---|
| туралы өтініш (немесе өтініштің өзге де нысандары) жоқ; | может прекратиться деятельность, и в компетентных государственных органах, в том числе судах, отсутствуют заявления (или иные формы обращения) о возбуждении указанных процессов.; |
| - заңды тұлға болып табылады, құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігіне ие, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе құрылтай құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті құқықтарға ие болады және шарт бойынша міндеттерді атқарады. Қосылу шартына қосылу және оны тиісті түрде орындауды оның басқару органдары санкциялаған (мақұлдаған) және Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылтай құжаттарына, сондай-ақ ол бұрын жасаған мәмілелерге қайшы келмейді. Жарғылық капиталға қатысудың елеулі үлесін (Кепіл ұстаушының пікірі бойынша) иеленетін қатысушылардың құрамы Қосылу шартына қосылу күні өзгермейді және алдағы уақытта МҚҰ-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз өзгермейді. Ол банкроттық, оңалту, қайта ұйымдастыру, тарату не нәтижесінде қызметі тоқтатылуы мүмкін өзге де процестер сатысында емес және құзыретті мемлекеттік органдарда, оның ішінде соттарда аталған процестерді қозғау туралы өтініш (немесе өтініштің өзге де нысандары) жоқ. | - является юридическим лицом обладает правоспособностью и дееспособностью, приобретает права и несет обязанности по договору, необходимые для осуществления любых видов деятельности, не запрещенных законодательством Республики Казахстан или учредительными документами. Присоединение к Договору присоединения и его исполнение должным образом санкционировано (одобрено) его органами управления и не противоречит законодательству Республики Казахстан, учредительным документам, а также заключенным им ранее сделкам. Состав участников, имеющих существенную (по мнению Залогодержателя) долю участия в уставном капитале, не изменяется на дату присоединения к Договору присоединения, и не будет изменяться в дальнейшем без предварительного письменного согласия МФО. Он не находится в стадии банкротства, реабилитации, реорганизации, ликвидации либо иных процессов, в результате которых может прекратиться деятельность, и в компетентных государственных органах, в том числе судах, отсутствуют заявления (или иные формы обращения) о возбуждении указанных процессов. |
| **3. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері** | **3. Права и обязанности Заемщика** |
| **3.1. Қарыз алушының құқықтары:** | **3.1. Заемщик вправе:** |
| 1) Микрокредиттер беру қағидаларымен, МҚҰ-ның Микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысу; | 1) ознакомиться с правилами предоставления Микрокредитов, тарифами МФО по предоставлению Микрокредитов; |
| 2) алынған Микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік ету; | 2) распоряжаться полученным Микрокредитом в порядке и на условиях, установленных договором; |
| 3) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне сәйкес келген жағдайда, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлеместен, одан кейінгі жұмыс күні төлеу; | 3) в случае если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки и иных видов штрафных санкций; |

| | |
|---|---|
| 4) Микрокредитті нақты пайдаланғаны үшін сыйақы төленген жағдайда, Шарт бойынша берілген Микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей, МҚҰ-ға мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару; | 4) досрочно полностью или частично возвратить МФО сумму Микрокредита, предоставленную по договору, без оплаты неустойки и иных видов штрафных санкций, при условии уплаты вознаграждения за фактическое пользование Микрокредитом; |
| 5) Қарыз алушы жеке тұлға МҚҰ шарты бойынша міндеттемені орындау және (немесе) жазбаша нысанда ұсыну мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, сондай-ақ микроқаржы ұйымына «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы Қарыз алушыны сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттандыру объектілері арқылы МҚҰ-ға барады не шартта көзделген тәсілмен, Шарт бойынша міндеттемені орындауды кешіктірудің туындау себептері туралы мәліметтерді қамтитын өтініш, шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы, оның ішінде:<br><br>- Шарт бойынша сыйақы ставкасын азайту жағына қарай өзгерту;<br>- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;<br>- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгертумен, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеумен;<br><br>- микрокредит мерзімін өзгерту;<br>- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою;<br>- кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде өз бетінше өткізу/сату;<br>- кепілге салынған мүлікті ұйымға беру арқылы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына өтемақы ұсыну; | 5) Заемщик физическое лицо посетить МФО в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по Договору МФО и (или) представления в письменной форме, а также через объекты информатизации, предоставляющие микрофинансовой организации возможность осуществить идентификацию заемщика посредством применения идентификационных средств, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О платежах и платежных системах» либо способом, предусмотренным Договором, заявления, содержащего сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия договора в том числе связанных с:<br>- изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения по Договору;<br>- отсрочкой платежа по основному долгу и (или) вознаграждению;<br>- изменением метода погашения задолженности или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;<br>- изменением срока микрокредита;<br>- прощением просроченного основного долга и (или) вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени) по микрокредиту;<br>- самостоятельной реализацией залогодателем недвижимого имущества, являющегося предметом ипотеки, в сроки, установленные соглашением сторон;<br>- представлением отступного взамен исполнения обязательства по договору путем передачи организации заложенного имущества; |

| | |
|---|---|
| - шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотеканың нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу арқылы жүзеге асырылады. | - реализацией недвижимого имущества, являющегося предметом ипотеки, с передачей обязательства по договору покупателю. |
| 6) Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы МҚҰ шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген кезде, МҚҰ-ны бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгіну; | 6) в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с даты получения решения МФО об отказе в изменении условий Договора, или при не достижении взаимоприемлемого решения об изменении условий договора обратиться в уполномоченный орган с одновременным уведомлением МФО; |
| 7) ұйымның шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы; | 7) в течение пятнадцати календарных дней с даты получения решения организации или при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий договора в порядке предусмотренном Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности», обратиться к микрофинансовому омбудсману с одновременным уведомлением организации; |
| 8) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде МҚҰ-ға жазбаша өтініш жасау; | 8) письменно обратиться в МФО при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам; |
| 9) Қарыз алушының қолданыстағы Микрокредитті қайта құрылымдауға, яғни Микрокредитті өтеу мерзімдері мен талаптарын қайта қарауға өтініш беру; | 9) Заемщик имеет право подать заявление на реструктуризацию действующего Микрокредита, т.е. на пересмотр сроков и условий погашения Микрокредита; |
| 10) МҚҰ-ның Шарт бойынша берілген Микрокредитті жартылай немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша - 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлға және төленуге жататын басқа да сомаларға бөліп, олар болған кезде мерзімі өткізіп алынған төлемдерді көрсете отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы толық мәліметтерді өтеусіз жазбаша нысанда алу; | 10) по заявлению о частичном или полном досрочном возврате МФО, предоставленного по договору - безвозмездно в срок не более 3 (трех) рабочих дней получить в письменной форме полные сведения о размере причитающиеся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, неустойки, штрафы и другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей, при их наличии; |
| 11) өз құқықтарын ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау; | 11) защищать свои права в порядке, установленном законами РК; |
| **3.2. Қарыз алушының міндеттері:** | **3.2. Заемщик обязан:** |
| 1) Шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен алынған Микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны төлеу; | 1) возвратить полученный Микрокредит и выплатить вознаграждение по нему в сроки и порядке, установленным договором; |
| 2) МҚҰ «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сұрататын құжаттар мен мәліметтерді беру; | 2) представлять документы и сведения, запрашиваемые МФО в соответствии с Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности»; |

| | |
|---|---|
| 3) нысаналы Микрокредит берілген жағдайда, өзі алған Микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдалану.<br>Микрокредит нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған кезде Қарыз алушы МҚҰ-ға Микрокредитті қайтаруға және Микрокредитті қайтару күніне Шарт бойынша есептелген, пайдаланылған Микрокредит бөлігіне сыйақы төлеуге міндетті; | 3) в случае предоставления целевого Микрокредита, использовать полученный им Микрокредит по целевому назначению.<br>При нецелевом использовании Микрокредита Заемщик обязан досрочно возвратить МФО Микрокредит и выплатить вознаграждение в части использованного Микрокредита, начисленное по договору на дату возврата Микрокредита; |
| 4) МҚҰ-ның бірінші талабы бойынша берілген Микрокредитті пайдалануға байланысты барлық құжаттаманы, Шарт бойынша берешек толық өтелгенге дейін өзінің қаржылық (мүліктік) жағдайы туралы мәліметтерді ұсыну.<br>Тексеру үшін қажетті құжаттардың көлемін, тексерулер санын және олардың мерзімдерін МҚҰ айқындайды.<br>МҚҰ-ның Қарыз алушыны тексеру жөніндегі өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірмеу; | 4) предоставлять по первому требованию МФО всю документацию, связанную с использованием предоставленного Микрокредита, сведения о своем финансовом (имущественном) положении до полного погашения задолженности по договору.<br>Объем необходимых для проверки документов, количество проверок и их сроки определяются МФО.<br>Не препятствовать осуществлению МФО своих полномочий по проверке Заемщика; |
| 5) Микрокредиттің игерілуіне және нысаналы пайдаланылуына, Микрокредит беру объектілері болып табылатын мүліктің сақталуы, бүтіндігі және пайдаланылуы жағдайларына, Қарыз алушының қаржылық жай-күйіне тексеру жүргізетін, сондай-ақ Кепіл нысанасын бағалауды/қайта бағалауды/мониторингтеуді жүзеге асыратын МҚҰ қызметкерлерін/өкілдерін Қарыз алушыға тиесілі қойма, өндірістік, қызметтік және өзге де ғимараттарға, құрылыстарға және/немесе Кепіл заттары орналасқан жерлердің аумағына, Микрокредит(тер) қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру орындарына кіргізу және/немесе кіруін қамтамасыз ету. Тексерулердің санын және олардың мерзімдерін МҚҰ дербес айқындайды. Бұл ретте Қарыз алушының жобаларын іске асыру мониторингі жарты жылда кемінде 1 (бір) рет кезеңділікпен жүргізілуі мүмкін; | 5) Микрокредиттің игерілуіне және нысаналы пайдаланылуына, Микрокредит беру объектілері болып табылатын мүліктің сақталуы, бүтіндігі және пайдаланылуы жағдайларына, Қарыз алушының қаржылық жай-күйіне тексеру жүргізетін, сондай-ақ Кепіл нысанасын бағалауды/қайта бағалауды/мониторингтеуді жүзеге асыратын МҚҰ қызметкерлерін/өкілдерін Қарыз алушыға тиесілі қойма, өндірістік, қызметтік және өзге де ғимараттарға, құрылыстарға және/немесе Кепіл заттары орналасқан жерлердің аумағына, Микрокредит(тер) қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру орындарына кіргізу және/немесе кіруін қамтамасыз ету. Тексерулердің санын және олардың мерзімдерін МҚҰ дербес айқындайды. Бұл ретте Қарыз алушының жобаларын іске асыру мониторингі жарты жылда кемінде 1 (бір) рет кезеңділікпен жүргізілуі мүмкін; |
| 6) тәуелсіз бағалаушының немесе басқа тұлғаның (оның ішінде МҚҰ қызметкерінің) Кепіл нысанасына/Қамтамасыз етудің қосымша тәсілдеріне, оның ішінде үшінші тұлғалар ұсынғандарға бағалау және/немесе | 6) обеспечить проведение независимым оценщиком или иным лицом (в т.ч. сотрудником МФО) оценки и/или мониторинга и/или переоценки Предмета залога/дополнительных способов |

| | |
|---|---|
| мониторинг және/немесе қайта бағалау жүргізуін қамтамасыз ету; | обеспечения, в т.ч. предоставленных третьими лицами; |
| 7) МҚҰ-ның жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тарапқа бермеу; | 7) не передавать свои права и обязательства по договору третьей стороне без письменного согласия МФО; |
| 8) Шарт бойынша берешекті өтеуге байланысты МҚҰ-ның барлық төлемдерін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесінде белгіленген мерзімдер мен сомаларға сәйкес жүзеге асыру; | 8) осуществлять все платежи МФО, связанные с погашением задолженности по договору согласно срокам и суммам установленных графиком погашения, который является неотъемлемой частью договора; |
| 9) Микрокредит пен сыйақыны қайтару мерзімі өткізіп алынған жағдайда Шарт бойынша берешек сомасын толығымен өтеу, Шартта көзделген өзге де төлемдерді төлеу; | 9) полностью погасить сумму задолженности по договору в случае просрочки возврата Микрокредита и вознаграждения, оплатить иные предусмотренные договором платежи; |
| 10) алдыңғы шарттардың қолданылу мерзімі өткізіп алынған сәттен бастап 1 (бір) айдан кешіктірмей, МҚҰ-ның талабы бойынша Кепіл нысанасын Шарт мерзімі өткенге дейінгі мерзімге алынған Микрокредит сомасынан кем емес сомаға сақтандыру үшін жасалған шартты (заң тұрғысынан жарамды) ұсыну.<br>Бұл ретте МҚҰ мүдделері бірінші бенефициар, яғни пайда алушы ретінде білдірілуі тиіс.<br>Кепіл нысанасын сақтандыруды Қарыз алушы өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.<br>Егер сақтандыру шарты Шарттың қолданылу мерзімінен аз мерзімге жасалса, онда Қарыз алушы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде мүлікті сақтандыру шартын жыл сайынғы негізде ұзартуға (қайта жасасуға) міндетті; | 10) по требованию МФО предоставлять заключенный (юридически действительный) договор страхования Предмета залога на сумму не менее суммы полученного Микрокредита на срок до истечения срока договора, не позднее 1 (одного) месяца с момента истечения срока действия предыдущих договоров.<br>При этом интересы МФО должны быть представлены, как первого бенефициара, то есть выгодоприобретателя.<br>Страхование Предмета залога осуществляется Заемщиком за счет его собственных средств.<br>Если договор страхования заключается на срок менее срока действия договора, то Заемщик обязан на ежегодной основе пролонгировать (перезаключать) договора страхования имущества в течение всего срока действия договора; |
| 11) Қарыз алушы Кепіл нысанасына қатысты сақтандыру жағдай(лар)ының басталғаны туралы МҚҰ-ны дереу, бірақ сақтандыру жағдай(лар)ы басталған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей МҚҰ-ға жазбаша түрде хабарлау арқылы, кейіннен МҚҰ-ға сақтандыру жағдай(лар)ының басталғанын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып хабардар ету бойынша сөзсіз міндеттемені өз мойнына алады; | 11) Заемщик принимает на себя безусловное обязательств уведомить МФО о наступлении страхового случая (ев) в отношении Предмета залога незамедлительно, но не позднее 1 (одного) рабочего дня следующего за датой наступления страхового случая (ев) посредством уведомления МФО в письменном виде, с последующим предоставлением МФО оригиналов документов, подтверждающих наступление страхового случая (ев); |
| 12) қамтамасыз етуді жоғалту қаупі және/немесе қауіп төнген не қамтамасыз ету құнының және/немесе өтімділігінің нақты төмендеуі және/немесе Қарыз | 12) в случае возникновения угрозы утраты обеспечения и/или угрозы, либо реальном снижении стоимости, и/или ликвидности обеспечения, и/или неисполнения или |

| | |
|---|---|
| алушының МҚҰ және үшінші тұлғалар алдындағы өзге де міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында, МҚҰ жазбаша талапта көрсеткен мерзімде қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын айқындау мақсатында кепілзаттық қамтамасыз етуге қайта бағалау жүргізу; | ненадлежащего исполнения Заемщиком иных обязательств перед МФО и третьими лицами, в срок, указанный МФО в письменном требовании, провести переоценку залогового обеспечения в целях определения рыночной стоимости имущества, являющегося обеспечением; |
| 13) кез келген негіздер (оның ішінде заңдарда немесе орындауға міндетті өзге де актілерде белгіленген) бойынша Кепіл (кепілсалым) нысанасына меншік құқығы тоқтатылған жағдайда (немесе мұндай жағдайдың басталу қаупі туындаған кезде), жоғалған не бүлінген сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде оны ауыстыру және/немесе қажет болған жағдайда осы мерзімде қосымша қамтамасыз етуді ұсыну; | 13) произвести замену в случае прекращения права собственности на Предмет залога (заклада) (или при возникновении опасности наступления таковых) по любым основаниям (в том числе, установленным законодательными или иными обязательными для исполнения актами) в срок не позднее 10 (десяти) календарных дней с момента утраты либо повреждения и/или предоставить в случае необходимости дополнительное обеспечение в этот же срок; |
| 14) егер кепілге (кепілсалым) қайта бағалау жүргізу туралы жазбаша талап жіберілген сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде Қарыз алушы кепілге (кепілсалым) берілген мүліктің құнын бағалау туралы жаңа есеп ұсынбаса, МҚҰ өз қаражаты есебінен бағалау жүргізіп, аталған шығыстарды Микрокредит бойынша Қарыз алушының төлемдерінен кейін өндіріп алуға құқылы; | 14) если в течение 1 (одного) месяца с момента направления письменного требования о проведении переоценки залога (заклада), Заемщик не предоставил новый отчет об оценке стоимости предоставленного в залог (заклад) имущества, МФО вправе произвести оценку за счет собственных средств с последующим возмещением указанных расходов из платежей Заемщика по Микрокредиту; |
| 15) Мынадай, бірақ онымен шектелмей: МҚҰ кепіл нысанасының құнының және/немесе өтімділігінің және/немесе сенімділігінің төмендеуін, кепіл нысанасының жойылуын, оның бүлінуін немесе оны берген тұлғада кепіл нысанасына құқықтың тоқтатылуын, МҚҰ өз қызметін жүзеге асыру шарттарының өзгеруін немесе Қарыз алушының қызметінің өзгеруін, Шарт бойынша Қарыз алушының және/немесе Кепіл шарты бойынша Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғалардың кез келген міндеттемелерінің бұзылуын немесе бұзылу қаупін айқындаған жағдайда, Шарт бойынша Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің МҚҰ-ны қанағаттандыратын қосымша тәсілдерін ұсыну; | 15) предоставить устраивающие МФО дополнительные способы обеспечения исполнения обязательств Заемщика по договору, включая, но не ограничиваясь: в случае определения МФО снижения стоимости и/или ликвидности и/или надежности предмета залога, гибели предмета залога, его повреждения или прекращения права на предмет залога у предоставившего его лица, изменения условий осуществления МФО своей деятельности или изменения деятельности Заемщика, нарушения или угрозы нарушения любого из обязательств Заемщика по договору и/или Заемщика, и/или третьих лиц, предоставивших обеспечение, по договору залога; |

| | |
|---|---|
| 16) 3 (үш) жұмыс күні ішінде шартқа қоса беріліп отырған өтеу кестесін бұзуға әкеп соғуы мүмкін барлық мән-жайлар, соның ішінде: үшінші тұлғалардың Қарыз алушыға жолдаған кінәрат-талаптары мен талап арыздарын алған кезде үшінші тұлғалардың Қарыз алушының, кепілгердің, кепіл берушінің мүлкіне және/немесе олардың банктік шоттарына тыйым салуы туралы МҚҰ-ға хабарлау; | 16) в течение 3 (трех) рабочих дней извещать МФО обо всех обстоятельствах, которые могут повлечь нарушение графика погашения, прилагаемого к договору, включая: наложение третьими лицами арестов на имущество Заемщика, гаранта, залогодателя и/или на их банковские счета, при получении претензий и исковых заявлений, направленных Заемщику третьими лицами; |
| 17) тіркеу мекенжайы, нақты тұратын мекенжайы немесе электрондық пошта мекенжайы, заңды мекенжайы өзгерген кезде, жеке басты куәландыратын құжаттар (жеке куәлік, төлқұжат және т.б.) не жеке басты, мәртебені және/немесе өзге де жеке/заңды тұлғаны куәландыратын өзге де құжаттар, сондай-ақ байланыс ақпараты (қалалық, ұялы телефон нөмірлері) өзгерген кезде, осындай өзгеріс болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде МҚҰ-ға осы өзгерістер туралы жазбаша хабарлау; | 17) при изменении адреса регистрации, адреса фактического проживания или адреса электронной почты, юридического адреса, изменения документов, удостоверяющих личность (удостоверение личности, паспорт и т.д.) либо иных документов, удостоверяющих личность, статус и/или иное физического/юридического лица, а также контактной информации (городские, сотовые телефоны) в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента такого изменения письменно сообщить МФО о данных изменениях. |
| 18) Қарыз алушы беретін Кепіл затын тиісінше ресімдеу (тіркеу) және үшінші тұлғалар беретін Кепіл затын тиісінше ресімдеуді (тіркеуді) қамтамасыз ету; | 18) надлежащим образом оформить (зарегистрировать) Предмет залога, предоставляемое Заемщиком, и обеспечить надлежащее оформление (регистрацию) Предмета залога, предоставляемого третьими лицами; |
| 19) МҚҰ айқындаған мерзімде:<br>▪ егер Шарт жасалғаннан кейін МҚҰ-да:<br><br>- Қарыз алушының МҚҰ-мен ерекше қатынастармен байланысты екендігі және/немесе,<br>- Қарыз алушының тәуекел мөлшері МҚҰ-мен ерекше қатынастармен байланысты емес бір қарыз алушыға сияқты есептелетін МҚҰ қарыз алушылар тобымен байланысты екендігі және/немесе,<br><br>- Қарыз алушының тәуекел мөлшері МҚҰ-мен ерекше қатынастармен байланысты бір қарыз алушыға сияқты есептелетін МҚҰ қарыз алушылар тобымен байланысты екендігі; | 19) в определенный МФО срок:<br>▪ обеспечить содействие МФО в исполнении принятых обязательств МФО перед уполномоченным государственным органом, в случае если после заключения Договора у МФО появится информация о том, что:<br>- Заемщик связан с МФО особыми отношениями, и/или,<br><br>- Заемщик связан с группой заемщиков МФО, размер риска на которых рассчитывается как на одного заемщика, не связанного с МФО особыми отношениями, и/или,<br><br>- Заемщик связан с группой заемщиков МФО, размер риска на которых рассчитывается как на одного заемщика, связанного с МФО особыми отношениями; |

| | |
|---|---|
| - Шарт бойынша Қарыз алушы міндеттемелерінің бұзылуына байланысты залалдарды тұрақсыздық айыбынан жоғары мөлшерде толық сомада, сондай-ақ Шарт бойынша МҚҰ-ның кез келген шығыстарын, оның ішінде МҚҰ қызметкерлерінің және/немесе тәуелсіз бағалаушылардың және/немесе өзге де тұлғалардың Кепіл нысанасы болып табылатын мүліктің орналасқан жеріне және/немесе Қарыз алушының орналасқан жеріне және/немесе Қарыз алушының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеріне және/немесе Кепіл нысанасының орналасқан жеріне баруына, сондай-ақ кредиттік бюролармен өзара іс-қимылға (оның ішінде кредиттік бюроларға ақпарат беру және/немесе кредиттік бюролардан кредиттік есептер алу жөніндегі шығыстар), Кепіл нысанасының жай-күйіне бағалау (оның ішінде тәуелсіз)/қайта бағалау (оның ішінде тәуелсіз)/мониторинг жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу туралы ақпарат пайда болған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган алдында МҚҰ-ның қабылданған міндеттемелерін орындауда МҚҰ-ға жәрдемдесуді қамтамасыз ету; Егер Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін бұзуы МҚҰ-ға тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) салуға әкеп соққан жағдайда, Қарыз алушы МҚҰ-ның талап етуі бойынша бес күндік мерзімде, егер МҚҰ өзге мерзімді белгілемесе, МҚҰ-ға төленген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдар, өсімпұлдар) сомаларын, сондай-ақ олармен байланысты МҚҰ шеккен кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді; | - возмещать МФО убытки, связанные с нарушением обязательств Заемщика по Договору, в полной сумме сверх неустоек, а также любые расходы МФО по Договору, в т.ч. расходы, связанные с выездом сотрудников МФО и/или независимых оценщиков, и/или иных лиц к месту нахождения имущества, являющегося предметом залога, и/или к месту нахождения Заемщика, и/или к месту осуществления Заемщиком предпринимательской деятельности и/или к месту нахождения Предмета залога, а также связанные со взаимодействием с кредитными бюро (в т.ч. расходы по предоставлению информации в кредитные бюро и/или получению кредитных отчетов из кредитных бюро), проведением и оценки (в т.ч. независимой)/переоценки (в т.ч. независимой)/мониторинга состояния Предмета залога; В случае, если нарушение обязательств Заемщиком по Договору привело к наложению на МФО неустоек (штрафа, пени), то Заемщик обязуется по требованию МФО в пятидневный срок, если иной срок не будет установлен МФО, возместить МФО уплаченные суммы неустойки (штрафы, пени) а также любые связанные с ними понесенные МФО расходы и убытки; |
| 20) Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне МҚҰ-ға Кепіл заттарына арналған барлық құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының түпнұсқаларын және Шарт бойынша Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етудің қосымша тәсілдерін сақтауға тапсыру (Кепіл затын/қамтамасыз етудің қосымша тәсілдерін үшінші тұлғалар берген жағдайда – тапсыруды қамтамасыз ету); | 20) передать (в случае предоставления Предмета залога/дополнительных способов обеспечения третьими лицами - обеспечить передачу) в МФО на хранение на весь срок действия Договора оригиналы всех правоустанавливающих и идентификационных документов на Предметы залога и дополнительных способов обеспечения исполнения обязательств Заемщика по Договору; |
| 21) Шарт талаптары өзгерген жағдайда және Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ айқындайтын | 21) в случае изменения условий договора заключить и - в случае необходимости, определяемой Законодательством |

| | |
|---|---|
| қажеттілік жағдайында Кепіл шарттарына қосымша келісімдер жасасу және оларды тіркеу және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғалардың өздері жасасқан қамтамасыз ету туралы шарттарға қосымша келісімдер жасасуын және/немесе тіркеуін қамтамасыз ету; | Республики Казахстан и МФО - зарегистрировать дополнительные соглашения к договорам залога и/или обеспечить заключение и/или регистрацию третьими лицами, предоставившими обеспечение, дополнительных соглашений к заключенным ими договорам об обеспечении; |
| 22) МҚҰ-ға дербес деректерді (оның ішінде болашақта), яғни олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаларға (оның ішінде Қарыз алушының қатысушыларына (акционерлеріне), Қарыз алушының лауазымды тұлғаларына, қамтамасыз етуді ұсынатын жеке тұлғаларға) қатысты мәліметтерді ұсынған кезде, осындай жеке тұлғалардың өздерінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге МҚҰ-ға бір мезгілде келісім беруін (МҚҰ көрсеткен нысан бойынша) қамтамасыз ету; | 22) при предоставлении в МФО персональных данных (в т.ч. в будущем), т.е. сведений относящихся к определенным или определяемым на их основании физическим лицам (в т.ч. участникам (акционерам) Заемщика, должностным лицам Заемщика, физическим лицам, предоставляющим обеспечение), обеспечить одновременное предоставление в МФО согласий (по указанной МФО форме) от таких физических лиц на сбор и обработку их персональных данных. |
| 23) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасыныңның өзге де заңнамасында және МҚҰ-мен жасалған шарттарда белгіленген басқа да талаптарды орындау. | 23) выполнять иные требования, установленные Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности», иным законодательством Республики Казахстан и договорами, заключенными с МФО. |
| **4. МҚҰ-ның құқықтары мен міндеттері** | **4. Права и обязанности МФО** |
| **4.1. МҚҰ-ның құқықтары:** | **4.1. МФО вправе:** |
| 1) Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты өзгерту; | 1) изменять условия договора в одностороннем порядке в сторону их улучшения для Заемщика; |
| 2) Қарыз алушы Микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік 40 (қырық) күннен асыра отырып бұзған кезде Микрокредит және ол бойынша сыйақы сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету; | 2) требовать досрочного возврата суммы Микрокредита и вознаграждения по нему при нарушении Заемщиком срока, установленного для возврата очередной части Микрокредита и (или) выплаты вознаграждения, более чем на 40 (сорок) календарных дней; |
| 3) нотариустың атқарушылық жазбасы/ «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің тіркелген мекенжайына сәйкес сот шешімі негізінде негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоса алғанда, берешекті өндіріп алу, бұл ретте Тараптардың дауларды шешу үшін жалпы юрисдикция сотына жүгінуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дауларды шешу үшін МҚҰ-ның Төрелік сотқа жүгінуіне кедергі келтірмейді; | 3) взыскать задолженность, включая основной долг, вознаграждение и неустойку (штраф, пеню) на основании исполнительной надписи нотариуса/ решения суда, соответствующего адресу регистрации ТОО «МФО «R-Finance», при этом обращение Сторон за разрешением споров в суд общей юрисдикции не препятствует обращению МФО за разрешением споров в Арбитраж в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. |

| | |
|---|---|
| 4) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ете отырып, Микрокредиттер беру; | 4) предоставлять Микрокредиты с обеспечением исполнения обязательства в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан; |
| 5) Қарыз алушының қаржылық жағдайын және Микрокредиттің нысаналы пайдаланылуын тексеру; | 5) проверять финансовое положение Заемщика и целевое использование Микрокредита; |
| 6) Қарыз алушыдан Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін Микрокредиттер беру қағидаларында айқындалған қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату; | 6) запрашивать у Заемщика документы и сведения, необходимые для заключения Договора и исполнения обязательств по нему, определенных правилами предоставления микрокредитов; |
| 7) Қарыз алушыдан Қарыз алушының қаржылық жағдайы туралы барлық қажетті ақпаратты және Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті мәліметтерді сұрату және алу; | 7) запрашивать и получать от Заемщика всю необходимую информацию о финансовом состоянии Заемщика и сведения, необходимые для исполнения обязательств по Договору; |
| 8) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға Микрокредит аударуды жүзеге асыру; | 8) по заявлению Заемщика осуществлять через банки второго уровня перевод Микрокредита третьему лицу в целях оплаты за товары, работы или услуги; |
| 9) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шектеулерді ескере отырып, Шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға беру; | 9) уступить право (требование) по договору с учетом ограничений, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности»; |
| 10) Қарыз алушы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда және/немесе Қарыз алушының өзінің қаржылық жағдайы туралы күмәнді ақпарат беру жағдайлары анықталған кезде және/немесе Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлаған кезде, Қарыз алушыда Шарт бойынша мерзімі өткізіп алынған берешек пайда болған кезде, сондай-ақ кепілге салынған мүліктің құрамы өзгерген, оның нашарлауы (жойылуы, бүлінуі, құнсыздануы және т.б.) кезінде Қарыз алушыны қаржыландыруды тоқтату, Қарыз алушыдан Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруды және Шарт бойынша Микрокредит пен өзге де төлемдерді пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді талап ету және сотқа/Төрелік сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап арызбен жүгіну арқылы не берешекті мәжбүрлі түрде өндіріп алуға, оның ішінде Қарыз алушының кепілге қойылған және/немесе өзге де мүлкін өндіріп алуға бағытталған | 10) в случае нарушения Заемщиком условий Договора и/или при выявления случаев предоставления Заемщиком недостоверной информации о его финансовом положении и/или при ухудшении финансового положения Заемщика, при образовании у Заемщика просроченной задолженности по договору, а также при изменении состава заложенного имущества, его ухудшении (гибель, порча, обесценивание и т.д.), прекратить финансирование Заемщика, потребовать от Заемщика досрочного возврата Микрокредита и уплаты вознаграждения за пользование Микрокредитом и иных платежей по договору и взыскать задолженность по договору в полном объеме, путем обращения в суд/Арбитраж с иском о взыскании задолженности, либо иным способом направленным на принудительное взыскание задолженности, в том числе, обращение взыскания на |

| | |
|---|---|
| өзге де тәсілмен Шарт бойынша берешекті толық көлемде өндіріп алу; | заложенное и/или иное имущество Заемщика; |
| 11) кепілге салынған мүлікті сатудан түскен ақша Шарт бойынша Қарыз алушының берешегін өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз алушының өзге мүлкін, оның ішінде ақшаны өндіріп алу; | 11) при недостаточности денег, вырученных от реализации заложенного имущества, для погашения задолженности Заемщика по договору, обратить взыскание на иное имущество Заемщика, в том числе и деньги, в соответствии с законодательством Республики Казахстан; |
| 12) Кепіл нысанасына меншік құқығы тоқтатылған жағдайда (немесе олардың басталу қаупі туындаған кезде) кез келген (оның ішінде заңдарда немесе орындауға міндетті өзге де актілерде белгіленген) негіздер бойынша оны ауыстыруды талап ету, Кепіл берушіден микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық өтеуді не Кепіл берушіден Кепіл затын қалпына келтіруді немесе Кепіл ұстаушының талаптарын қанағаттандыратын өзге ауыртпалықсыз өтімді және тең бағалы мүлікпен алмастыруды талап ету; | 12) потребовать замены в случае прекращения права собственности на Предмет залога (или при возникновении опасности наступления таковых) по любым основаниям (в том числе, установленным законодательными или иными обязательными для исполнения актами), требовать от Залогодателя досрочного полного погашения суммы микрокредита либо восстановления или замены Залогодателем Предмета залога иным не обремененным ликвидным и равноценным имуществом, удовлетворяющим требованиям Залогодержателя; |
| 13) кепілге салынған мүліктен айырылу қаупі (оның ішінде МҚҰ-ның кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға өтініші нәтижесінде айырылу қаупі) және/немесе кепілге салынған мүлік құнының және/немесе өтімділігінің төмендеу қаупі не накты төмендеу жағдайы және/немесе Қарыз алушының МҚҰ және үшінші тұлғалар алдындағы өзге де міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамау қаупі туындаған жағдайда, Қарыз алушыға Микрокредиттің негізгі борышының сомасын мерзімінен бұрын қайтару, сыйақы, айыппұл санкцияларын және Шарт бойынша өзге де төлемдерді төлеу туралы талап қою не кепілге (кепілсалым) МҚҰ талаптарын қанағаттандыратын қосымша мүлік беруді талап ету; | 13) в случае возникновения угрозы утраты залогового имущества (в том числе, угрозы утраты в результате обращения МФО взыскания на заложенное имущество) и/или угрозы либо реальном снижении стоимости, и/или ликвидности залогового имущества, и/или неисполнения, или ненадлежащего исполнения Заемщиком иных обязательств перед МФО и третьими лицами предъявить Заемщику требование о досрочном возврате суммы основного долга Микрокредита, уплате вознаграждения, штрафных санкций и иных платежей по договору либо потребовать предоставление в залог (заклад) дополнительного имущества, удовлетворяющего требования МФО; |
| 14) Қарыз алушыдан тиісті құжаттарды ұсынуын талап ету, МҚҰ қызметкерлерінің қойма, өндірістік, қызметтік және Қарыз алушының қызметіне тікелей байланысты өзге де үй-жайларын тексеруі жолымен Микрокредиттің нысаналы пайдаланылуына (нысаналы Микрокредит берілген жағдайда) бақылауды жүзеге асыру, Қарыз алушының қаржылық жағдайын тексеру үшін қажетті | 14) осуществлять контроль за целевым использованием (в случае выдачи целевого Микрокредита) Микрокредита путем требования от Заемщика предоставления соответствующих документов, проверок работниками МФО складских, производственных, служебных и иных помещений, напрямую связанных с деятельностью Заемщика, запрашивать необходимые документы для проверки |

| | |
|---|---|
| құжаттарды сұрату – Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі ішінде.<br>Тексерулер санын және олардың мерзімдерін МҚҰ айқындайды; | финансового положения Заемщика – в течение всего периода действия Договора.<br>Количество проверок и их сроки определяются МФО; |
| 15) Қарыз алушыдан Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауын талап ету; | 15) требовать от Заемщика надлежащего исполнения им своих обязательств по договору; |
| 16) мынадай жағдайларда Қарыз алушыға Кредиттік желі беру туралы келісім шеңберінде микрокредит беруден бас тарту және/немесе Қарыз алушыдан МҚҰ берген микрокредит талаптарынан туындайтын Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды талап ету:<br>а) микрокредиттер беруге тыйым салатын не шектейтін мемлекеттік органның актісі болғанда;<br>б) мыналар:<br>* МҚҰ операцияларын қаржыландыру көзі және/немесе<br>* МҚҰ-ның кредиттік ресурстарын қалыптастыру талаптары және/немесе<br>* Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары және/немесе<br>* валюта және/немесе қаржы нарықтарындағы жағдайлар өзгерген кезде кредиттік тәуекелдерді және/немесе қолайсыз қаржылық салдарларды азайту мақсатында МҚҰ қалауы бойынша;<br>в) Қарыз алушы немесе Кепіл беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шарттарда көзделген МҚҰ алдындағы кез келген қолда бар, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, микрокредит алу үшін қажетті, микрокредит алуға байланысты толық және анық ақпарат пен құжаттарды ұсыну бойынша міндеттемелерін бұзған, МҚҰ белгілеген нысан бойынша Өтініш бермеген кезде;<br><br>г) МҚҰ пікірінше, Қарыз алушының Келісім бойынша МҚҰ алдындағы міндеттемелерін бұзу қаупі/туындау қаупі болған жағдайда;<br>д) негізгі борыш немесе сыйақы бойынша төлемдерді ауыстыруды/кейінге қалдыруды/ азайтуды, Кредиттік желі беру туралы келісім бойынша кредит беру мерзімін ұзартуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, микрокредит бойынша | 16) отказать Заемщику в предоставлении мирокрокредита в рамках Соглашения о предоставлении кредитной линии и/или потребовать от Заемщика исполнения по обязательствам Заемщика, вытекающим из условий предоставленного МФО микрокредита в следующих случаях:<br>а) наличие акта государственного органа, запрещающего либо ограничивающего выдачу микрокредитов;<br>б) по усмотрению МФО в целях уменьшения кредитных рисков и/или неблагоприятных финансовых последствий в случае изменения:<br>* источника финансирований операций МФО и/или<br>* условий формирования кредитных ресурсов МФО и/или;<br>* требований законодательства Республики Казахстан и/или;<br>* ситуации на валютном и/или финансовом рынках;<br>в) нарушение Заемщиком или Залогодателем, любых имеющихся обязательств перед МФО, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и/или заключёнными договорами, в том числе, но не ограничиваясь, по предоставлению полной и достоверной информации и документов, необходимых для получения мирокредита, связанных с получением микрокредита, подачей Заявления не по установленной МФО форме;<br>г) в случае наличия по мнению МФО риска/угрозы возникновения риска нарушения Заемщиком обязательств перед МФО по Соглашению;<br>д) наличие проведенных реструктуризации задолженности по микрокредиту включая, но не ограничиваясь переносом/отсрочкой/ уменьшением платежей по основному долгу или вознаграждению, продлением срока кредитования по Соглашению о предоставлении кредитной линии; |

| | |
|---|---|
| берешекті қайта құрылымдау жүргізілген кезде;<br>е) қамтамасыз етуден айырылу/айырылу қаупі немесе МҚҰ жауап бермейтін мән-жайлар бойынша оның талаптарының нашарлауы кезінде;<br>ж) уәкілетті сотта, оның ішінде төрелік соттарда нәтижесінде:<br><br><br>* Қарыз алушы активтерінің жалпы мөлшерінің 10%-нан астам сомаға Қарыз алушының немесе Кепіл берушінің мүлкін өндіріп алу;<br>* Кредиттік желі беру туралы келісімнің және/немесе Кепіл шартының жарамдылығымен (толық немесе ішінара) келіспеу орын алуы мүмкін кез келген сот процесі болған кезде. МҚҰ Қарыз алушының Өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Микрокредит беруден бас тарту туралы Қарыз алушыны хабардар етуге міндетті. | <br><br>е) при утрате/угрозе утраты обеспечения или ухудшение его условий по обстоятельствам, за которые МФО не отвечает;<br>ж) наличие судебного процесса в любом уполномоченном суде, в том числе арбитражных судах, в результате которого может быть:<br>* обращено взыскание на имущество Заемщика или Залогодателя на сумму свыше 10% от общего размера активов Заёмщика;<br>* оспорена действительность (полностью или в части) Соглашения о предоставлении кредитной линии и/или договора залога. Об отказе в предоставлении мирокредита МФО обязан уведомить Заемщика в течение 10 (десяти) календарных дней с даты получения Заявления Заемщика. |
| 17) қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасасуға және (немесе) оның өкілі және (немесе) шарт шеңберінде ұйыммен міндеттемелермен байланысты, телефон арқылы сөйлесулер арқылы, оның ішінде ұйымның бастамасы бойынша интернет желісінде қоңырау шалуға арналған қосымшаларды пайдалана отырып, өзара іс-қимылды көздейтін үшінші тұлға жұмыс күні 9.00 сағаттан 21.00 сағатқа дейінгі кезеңде бір реттен артық емес. Бұл ретте әрбір өзара іс-қимыл кезінде хабарламада болуы қажет:<br>а) ұйымның атауы;<br>б) ұйымның орналасқан жері;<br>в) өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы;<br>г) шартта көзделген берешектің, негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдығының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) құрылымын;<br>д) қарыз алушының шартта, Заңда көзделген жауапкершілігі мен өзге де міндеттемелері, сондай-ақ шартта | 17) при неисполнении либо ненадлежащем исполнении заемщиком обязательств по договору взаимодействовать с заемщиком, имеющим просроченную задолженность, и (или) его представителем, и (или) третьим лицом, связанным обязательствами с организацией в рамках Договора, предусматривающие взаимодействие посредством телефонных переговоров, в том числе, с использованием приложений для совершения звонков в сети интернет по инициативе организации, не более одного раза в период с 9.00 до 21.00 часов в будний день. При этом при каждом взаимодействии сообщение должно содержать:<br>а) наименования организации;<br>б) место нахождения организации;<br>в) фамилию, имя, отчество (при его наличии), должности лица, которое осуществляет взаимодействие;<br>г) структуру задолженности, остатка просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, комиссий, неустойки (штрафа, пени), предусмотренных договором;<br>д) сведения об ответственности и иных обязательствах заемщика, предусмотренных договором, Законом, а |

| | |
|---|---|
| көзделген міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдары туралы мәліметтер. | также последствиях неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств, предусмотренных договором. |
| 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру. | 18) осуществлять иные права, установленные законодательством Республики Казахстан и договором. |
| **4.2. МҚҰ-ның міндеттері:** | **4.2. МФО обязана:** |
| 1) Шартпен келісілген сомада, мерзімде және талаптармен Микрокредит беру; | 1) предоставить Микрокредит в сумме, в сроки и на условиях, оговоренных договором; |
| 2) МҚҰ микрокредиттерін беру қағидаларының көшірмесін Қарыз алушының карауы және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде МҚҰ-ның интернет-ресурсында орналастыру; | 2) разместить копию Правил предоставления микрокредитов МФО в месте, доступном для обозрения и ознакомления Заемщиком, в том числе на интернет-ресурсе МФО; |
| 3) өтініш берушіге микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беру; | 3) предоставлять заявителю полную и достоверную информацию о платежах, связанных с получением, обслуживанием и погашением (возвратом) микрокредита; |
| 4) Қарыз алушыға оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы хабарлау; | 4) проинформировать Заемщика о его правах и обязанностях, связанных с получением микрокредита; |
| 5) Шарт бойынша МҚҰ құқығының (талабының) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған шартты жасасу кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін):<br>- басқаға беру шартын жасасқанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес шарт бойынша қарыз алушы - жеке тұлғаны көрсетілген Шарт бойынша кредитордың құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға берудің жоспарланып отырғаны туралы, сондай-ақ шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін өңдеу (беру) туралы хабардар етуге;<br>- Шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) шартта көзделген тәсілмен үшінші тұлғаға, сондай-ақ шарт бойынша одан әрі төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігін көрсете отырып, өзгеге беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ақпараттандыру объектілері арқылы ауысуы туралы (құқық берілген тұлғаның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері) (талаптар) не шарт бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға - сервистік | 5) уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя) при заключении Договора, содержащего условия перехода права (требования) МФО по Договору третьему лицу (далее - договор уступки права требования):<br>- до заключения договора уступки уведомить заемщика – физическое лицо по договору, не связанного с осуществлением предпринимательской деятельности, о планируемой уступке прав (требований) кредитора по указанному договору третьему лицу, а также об обработке (передаче) персональных данных заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным Договором, а также через объекты информатизации;<br>- о переходе прав (требований) по Договору третьему лицу способом, предусмотренным договором, а также через объекты информатизации в течение тридцати календарных дней со дня заключения договора уступки с указанием необходимости осуществления дальнейших платежей по договору третьему лицу (наименование, место нахождения и банковские реквизиты лица, которому уступлены права (требования) по договору, либо в случае передачи прав |

| | |
|---|---|
| компанияға берілген жағдайда)берілген құқықтар (талаптар) көлемінің, шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымының (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және төленуге жататын басқа да сомалар; | (требований) по договору в доверительное управление – сервисной компании), объема переданных прав (требований) по договору, размера и структуры задолженности по договору (основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойка (штраф, пеня) и других подлежащих уплате сумм; |
